

Жамбыл облысы Меркі ауданы Кеңес, Ақермен ауылдық округтерінің шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 54 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 10-8 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуірде № 3394 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Осы нормативтік құқықтық актінің қосымшасына сәйкес экспликация бойынша Жамбыл облысы Меркі ауданының Кеңес, Ақермен ауылдық округтерінің әкімшілік шекаралары (шегі):

1) Кеңес ауылдық округінің жері Кентай ауылының бөлінуімен жалпы ауданы 563 гектарға кемітіліп;

2) Ақермен ауылдық округінің жері Кентай ауылының қосылуымен жалпы ауданы 563 гектарға ұлғайтылып, өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау Жамбыл облысы мәслихатының агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және Жамбыл облысы әкімінің орынбасары А.Нұралиевке жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс Әкімі
К.Көкрекбаев

Облыстық мәслихаттың
сессиясының төрағасы
Б.Сауранбаев

Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Б.Қарашолақов

	шегі) өзгергеннен кейінгі жер көлемі	2544,0	2258,0	59,0	5,0	5,0	2052,0	10,0	9,0	14,0	85,0	161,0
1	Ақермен ауылы	834,0	683,0	32,0	5,0	5,0	546,0	4,0	5,0	7,0	30,0	103,0
2	Кентай ауылы	563,0	519,0	20,0	-	-	457,0	2,0	-	3,0	20,0	19,0
3	Алтын-арық ауылы	706,0	657,0	5,0	-	-	652,0	2,0	4,0	2,0	21,0	20,0
4	Ақкөз-қайнар ауылы	441,0	399,0	2,0	-	-	397,0	2,0	4,0	2,0	14,0	19,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК